

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫЛАР»  
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Астана, 2023**

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 12 мамырдағы № 3 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды

«Пәндерді оқытудағы инновациялық тұрғылар» бойынша әдістемелік ұсынымдар». – Астана қ.: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 75 б.

Әдістемелік ұсынымдама Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағына сәйкес әзірленген Жол картасының «1.3. Мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне білім алушыларды онлайн форматта және цифрлы оқу материалдары арқылы оқытуды ұйымдастыру және өткізу» тармағын басшылыққа алып әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдарды Облыстық, аудандық білім басқармаларының әдіскерлері, тірек және шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

## КІРІСПЕ

Мектепті цифрландыру дербес процесс ретінде, сондай-ақ білім беру жүйесін цифрландыру процесінің бөлігі ретінде білім беру жүйесін жаңғыртумен байланысты жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде білім беру саласының бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану қажеттілігі уақыт талаптарының бірі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, оның ішінде қазіргі заманғы цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру арқылы жақсартуға бағытталады.

Цифрлық білім беру кеңістігін құрудың өзектілігі білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттардың талаптарына байланысты жүзеге асырылады.

Оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану – өзекті мәселелердің бірі. Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру саласында жаңаша тәсілдерді, жұмыс нысандары мен құралдарын талап етеді, сонымен қатар педагогке және оның кәсіби құзыретіне жаңаша талаптар қояры сөзсіз. Сондықтан заман талабына сай білім бәсекесіне қабілетті, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу мәселесі алдымызда тұрғанын әрбір педагог пен білім алушы сезінгені жөн.

Бүгінде ауыл мектебін цифрландыру саласында бірқатар проблемалар бар. Оларға: білім беру ұйымдарын АКТ құралдарымен қамтамасыз етудің төмен деңгейі; АКТ-ны қолдану жүйелілігінің (эпизодтық) болмауы; педагогтердің АКТ-құзыретінің төмен болуы және білім алушылардың білім беруде АКТ-ны қолдану мәселелері бойынша ата-аналар мен педагогтердің сирек қарым-қатынасы және т.б. жатады.

«Пәндерді оқытудағы инновациялық тұрғылар» бойынша ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар 2023 жылғы 15-наурызда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен келісе отыра бекітілген «Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағында сәйкес әзірленген Жол картасының 1.3-ші «Мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне оқушыларды онлайн форматта және цифрлық Оқу материалдары арқылы оқытуды ұйымдастыру және өткізу» тармағын басшылыққа алып жазылды.

Цифрлық сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық – бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр.

Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде. Олар: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру.

Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Бұнда онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтылады. Үй тапсырмаларын білім алушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

**Әдістемелік ұсынымдаманың негізгі мақсаты** – мектеп басшылығы мен педагогтеріне цифрлы білім беру ортаны қалыптастыруда бағыт-бағдар беру.

Міндеттері:

- цифрлы білім беру ортасында мектептің ішкі құжаттамасын цифрлы форматта ресімдеуге қолдау жасау;
- цифрлы педагогтің жұмысына әдістемелік қолдау көрсету;
- цифрлы форматта құжаттарды жүргізуде әдістемелік тұрғыдан ұсынымдама беру.

# 1. ОНЛАЙН-ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағында сәйкес әзірленген Жол картасының 1.11-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу және оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру, олардың мазмұны мен функционалдық-техникалық сипаттамаларының сапасын арттыру мақсатында нормативтік-құқықтық актілерге (бұдан әрі – НҚА) өзгерістер мен толықтырулар енгізу» тармағын жүзеге асыруда келесі ***Жарлықтар мен Қаулылар басшылыққа алынды:***

1. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауында көрсетілген: «Цифрлық білім беру ортасы дәстүрлі баламасына қарамастан, қажет болған жағдайда оны толықтыра отырып, мұғалім мен оқушылар арасындағы коммуникацияның және қайтымды байланыстың жаңа арналарына қолжетімділікті аша отырып, жұмыс істейтін болады» – деген ойы;

2. Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тараушасында: «Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды. Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс», – деген пікірі;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы № 77 Қаулысы;

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 Қаулысы;

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекіткен «2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы)» Орта білім тарауының ауыл мектептерін дамытуға арналған 25-ші («Біріктірілген сыныптардың білім алушыларының жеке қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып ШЖМ үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу

және іске асыру») және 34-тараушасы («Бір тірек мектебіне 5-6 шағын жинақты мектепті бекіту арқылы шағын жинақты мектептерді қайта ұйымдастыру»);

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағы және 2.7-тарауы «Жаңа сандық мүмкіндіктер» тарауының «Барлық қалалар мен аудан орталықтарында кең жолақты Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету» 70-пункті.

*Цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруда келесі нормативтік-құқықтық актілерді қайта қарап, толықтыру енгізу ұсынылады:*

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңын;

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығын;

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығын;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № 338 бұйрығын;

5. «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығын;

6. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығын;

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 547 бұйрығын;

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 614 бұйрығын;

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығын;

10. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың Нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 382 бұйрығын;

11. Цифрлы форматта оқу процесін ұйымдастыру «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың Нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 382 бұйрығын;

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» № 145 бұйрығы және т.б. НҚА-лар.

*2023-2024 оқу жылында 5 өңірдің (Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары) ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептерін «Цифрлы ауыл мектебі» пилоттық жобасына енгізу жоспарланып отыр.*

Жоба аясында мектептердің компьютерлік техниканың, интерактивті панельдердің, мектептердің интернетке қосылуының ағымдағы жай-күйі талданады (техникалық мүмкіндіктің болуы, нақты ағымдағы жылдамдық, жергілікті желінің жай-күйі, мектеп аумағын Wi-Fi желісімен жабу) және мектепке дейінгі талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу қажеттілігі қарастырылады. Сонымен қатар Жобаға кірген мектептерде жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жоспары құрылып, қажетті іс-шаралар ұйымдастырылады.

Мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру мақсатында ОАМ сараптамалық Кеңесінде білім беру бағдарламалары әзірленіп бекітіледі. Мақұлданған әдістемелік ұсынымдар негізінде әкімшілік, мектеп педагогтері және әдістемелік орталықтардың қызметкерлері үшін оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу жоспарланды. Сонымен қатар әр мектеп үшін жергілікті желілер (типтік ғимараттар бойынша) топологиясы әзірленеді.

2023-2024 оқу жылында Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінде пәндерді оқытудың және оқу процесін цифрландырудың инновациялық тұрғыларын енгізу бойынша пилоттық жобасы іске қосылып, өңірлік «Білім ал» жобасы өз жұмысын жалғастырады.

Жоба аясында Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінде (бұдан әрі – ШЖМ) пәндерді оқытудың және оқу процесін цифрландырудың инновациялық тәсілдерін енгізудің пилоттық жобасын іске асыру бойынша оператор айқындалып, пилоттық жобаға қатысатын шағын жинақты мектептер анықталады.

Пилоттық жоба шеңберінде ШЖМ жабдықтарын цифрлық кабинеттермен қаржыландыру және мектепке дейін талшықты-оптикалық байланыс желісін салу мәселелерін «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорымен (бұдан әрі – Қор) пысықталады.

Пилоттық жоба шеңберінде ШЖМ цифрлық кабинеттері мен ілеспе қызметтерге арналған жабдықтар мен жиһаздардың техникалық ерекшеліктері келісіліп, бекітіледі.

Пилоттық жоба шеңберінде педагогтердің онлайн оқытуды жүргізуін қаржыландыру мәселесі пысықталады, ШЖМ-да пилоттық жобаны іске қосуға дайындық жүргізіледі.

Пилоттық жоба шеңберінде баспалар мен әзірлеушілердің электронды оқулықтарға, оқулықтардың электрондық нұсқаларының файлдарына (pdf, epub) өтеусіз қолжетімділіктің цифрлық білім беру ресурсын және цифрлық білім беру ресурсын ұсыну мәселесі пысықталады.

ШЖМ цифрлық кабинеттері және ілеспе қызметтер (сервистік, жөндеу қызметі және т. б.) үшін жабдықтар мен жиһаздарды сатып алу және жеткізуді «Қазақстан халқына» Қоры тарапынан қаржыландыратын болады.

ШЖМ цифрлық кабинеттері үшін жабдықтар мен жиһаздарды беру кестесі әзірленіп бекітіледі. Техникалық мүмкіндіктің болуын ескере отырып, ШЖМ-да интернет жылдамдығын арттыру жұмыстары жүргізіледі.

ШЖМ цифрлық кабинеттері үшін жабдықтар мен жиһаздың функционалдығын қабылдау және тексеру жұмыстары өтеді.

ШЖМ цифрлық кабинеттеріне арналған жабдықтар мен жиһаздарды жеткізу қорытындылары бойынша есептер құрылады.

Пилоттық жобаны іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. ШЖМ кабинеттеріне ағымдағы жөндеу жүргізіліп, желілік жабдықтармен қамтамасыз етіледі. ШЖМ білім алушыларын пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдері негізінде оқытылатын болады. ШЖМ-да оқу процесін ұйымдастыру және цифрландырудың инновациялық тәсілдерін (сауалнамалар, өлшемдер және т. б.) енгізуге зерттеулер жүргізіледі.

Білім беру процесін оқытудың және цифрландырудың инновациялық тәсілдерін енгізу бойынша пилоттық жобаның нәтижелері шығарылып, мектептерде жергілікті және сымсыз желілер (Wi-Fi) қамтамасыз етіледі

***Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша мектептерде пәндерді оқытудың және оқу процесін цифрландырудың инновациялық тәсілдерін енгізуді масштабтау***

Мектептерді интерактивті және компьютерлік жабдықтармен, желілік жабдықтармен және цифрлық оқу материалдарына жазылумен қамтамасыз



етіліп, ай сайынғы жергілікті атқарушы органдардың ақпаратты Оқу-ағарту министрлігіне жолданады.

Мақұлданған әдістемелік ұсынымдар негізінде әкімшілік, мектеп педагогтері мен әдістемелік орталықтардың қызметкерлері үшін оқыту курстарын ұйымдастырылып, өткізіледі. Оқыту курстарын өткізу бойынша есеп жасақталынып, тиісті мекемелерге жолданады.

Мектептерде жабдықтар жөніндегі инженерлер мен зертханашылардың (қажеттілік болған жағдайда) штат бірліктері бөлінеді. Мектептерде штат бірліктерін енгізу бойынша жергілікті атқарушы орган тарапына алынған ақпарат Оқу-ағарту министрлігіне жолданады.

Пәндерді оқытудың инновациялық тұрғылары негізінде мектеп білім алушыларын оқыту бойынша ақпарат Оқу-ағарту министрлігіне жолданады.

Мектептерде оқу процесін оқытудың және цифрландырудың инновациялық тәсілдерін енгізуге зерттеу жүргізу (сауалнамалар, өлшемдер және т. б.) бойынша есеп жасақталып Оқу-ағарту министрлігіне жолданып отырады.

Оқу-ағарту министрлігі білім беру процесін оқытудың және цифрландырудың инновациялық тәсілдерін енгізу нәтижелерін шығарады.

### **«Цифрлы ауыл мектебі» жобасы**

**Жобаның мақсаты:** шағын жинақты ауыл мектептері білім алушылары үшін сапалы білім беру қызметтерін және Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету, тең жағдайларын дамыту.

**Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. Цифрлы оқыту жүйесін білім саласына ендіруде нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;
2. Білім беру ұйымдарының технологиялық инфрақұрылымын дамыту;
3. Білім беру процесінде Интернет ресурстарын тиімді қолдануды жетілдіру;
4. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту;
5. Цифрлы оқыту жүйесін пайдаланушыларды ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және дайындау;

Цифрлы білім беру жүйесі желіде қолжетімді түрде оқу материалдарымен жаңа білім беру ресурстарына қолжеткізу мүмкіндіктерінен тұрады.

Желіде еркін тарала алатын оқу материалдары бар ашық білім беру ресурстары болады.

Бұрын жасалған электронды ақпараттық ресурстары мен мультимедиялық білім беру әзірлемелері Интернет арқылы цифрлы білім беру жүйесінде түрлендірілуі және пайдаланылуы тиіс. Цифрлы білім беру жүйесінің ақпараттық ресурстарына оқу теледидарының цифрланған материалдары енгізілетін болады.

Цифрлы оқыту жүйесі шеңберінде мамандандырылған өнім берушілер инвариантты және вариативтік келесі цифрлық білім беру ресурстарын құрады:

- сапалы жаңа білім беру нәтижелеріне қолжеткізуге бағытталған;

- білім беру үдерісі субъектілерінің қызметін тұтастай пәндік саланың оқу бағдарламасы бойынша немесе бір немесе бірнеше нақты тақырыптар, бөлімдер бойынша қолдайтын;

- ғылымның соңғы жетістіктерін ескере отырып, зерттеу сипатындағы оқу модульдеріне бағдарланған;

- мамандандырылған энциклопедиялар (өнер, тарих, география, т.б.);

- Жердің жасанды спутниктерінен алынған сандық географиялық карталар мен суреттер жиынтығына негізделген білім беру орталары;

- хронологиялық принцип бойынша салынған материалдар жиынтығы (уақыт таспалары);

- зерттелетін маңызды құбылыстарды модельдейтін виртуалды зертханалар немесе олардың циклдары;

- ақпарат дереккөздерінің жинақтары;

- күрделі оқу интерактивті модельдері (мысалы, интерактивті Менделеев кестесі, суреттің композициялық талдауы, сәулет ескерткішінің үш өлшемді моделі, жұлдызды аспан атласы және т.б.).

Цифрлы форматта оқу құралдары мен тестілерді педагогтердің өздері де жасай алады. Олардың жұмысы «Microsoft Word», «Microsoft PowerPoint», «Adobe Flash», «Adobe Photoshop» тәрізді мәтіндік және графикалық редакторлар мен орталардың функцияларын қолдайтын оқу мазмұнын әзірлеудің бірыңғай жүйесімен стандартталады.

Оқу материалдарын әзірлеу жүйесі барлық педагогтерге білім берудің жаңа және сапалы үлгілері мен нысандарын электронды түрде, оларды Интернет арқылы кез келген жерде және кез келген уақытта ортақ пайдалану үшін жасауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта үздік электронды оқу материалдарын жасайтын шығармашылық педагогтерді мотивациялық және ынталандыру тетіктерін әзірлеу қажет болады.

Қатысушылардың білім беру және өзін-өзі тәрбиелеу ұйымдарында оқу процесінде пайдалану үшін үздік білім алушылардың аяқталған тақырыптық сабақтары бейнежазбаларының мұрағатын құру қажет. Сабақтардың бейнежазбаларының мұрағаттарын интернет арқылы да, жергілікті желіде де, офлайн режимінде де, қарапайым компьютерлерде көру қолжетімді болады. Бұндай оқу бейнематериалдары оқу-әдістемелік базасы мен технологиялық инфрақұрылымы әлсіз шағын жинақты білім беру ұйымдарында сұранысқа ие болады. Электронды оқыту жүйесіне онлайн режимінде қосылмаған білім беру ұйымдары білім беру ұйымдарының жергілікті желісі арқылы компьютерлерде CD және DVD – тасымалдағыштарда жазылған және жеткізілген білім беру ресурстарының нұсқалары мен жаңартуларын пайдалана алады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін контент-провайдерлердің мамандандырылған цифрлы білім беру ресурстарын әзірлеу және жеткізу жеке міндет болып саналады.

Цифрландыру мәселесінде келесі тиімді мәселелерді шешуге болады:

1. Мектептердегі: бастауыш сыныптар, математика, физика, химия, тарих, әдебиет, география, бейнелеу өнері, музыка және т.б. пәндік кабинеттер компьютерлік жарактандыруды талап етеді.

2. Шағын жинақты ауыл мектептерінде белгіленген нормалардан жеке ауытқулар байқалады. Онда көптеген мектеп бөлмелері компьютерлік сыныптарды ұйымдастыруға бейімделмеген, жерге тұйықтаудың болмауы, жарықтандыру әрдайым белгіленген нормаларды қанағаттандырмайды.

3. Ауыл мектептеріндегі басты мәселе – компьютерлік сыныптарда кондиционерлердің болмауы.

4. Мектептердің моральдық және физикалық ескірген компьютерлік техникасын жаңарту, қолдау және ауыстыру үшін қосалқы бөлшектерді сатып алу.

5. Мектептердің 90%-ында цифрлы оқыту барысында педагогтер мен білім алушылардың цифрлық контентті дамыту жөніндегі шығармашылық жұмыс қызметін көздейтіндігіне практикалық іс жүзінде цифрлы бейнекамераларды, камералар мен веб-камераларды көздеу қажет.

6. Компьютерлік парктің дамуына және ауылдық мектептерде цифрлық білім беру ресурстарының базасының дамуына байланысты штаттық кестеге «жүйелік техниканың инженері» бойынша дербес штаттық бірлікті енгізу туралы мәселені шешу қажет. Қазіргі уақытта техникалық қызмет көрсетуді, әдетте, информатика пәнінің педагогі жүзеге асырады және ол үшін қосымша ақы қарастырылмаған.

### **Шағын жинақты ауыл мектептерін цифрландыру бойынша ағымдағы жағдай**

Бәрімізге белгілі болғандай, ауыл мектебінің мәселесі – еліміздегі ауқымды мәселелердің бірі. Мектеп – ұлт пен ұрпақ болашағы. Саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында сапалы біліммен қамтамасыз ету баршамыздың басты міндетіміз.

Бүгінгі күні елімізде

**Ұлттық білім беру қорының статистикасына сүйенсек:**

Елімізде – **6460** жалпы білім беретін мектеп бар.

Оның **79%-ы (5112)** – ауыл мектебі.

Барлық мектептің **42 %-ы (2723)** шағын жинақты.

*Шағын жинақты мектептердегі білім алушылар саны:*

**2020 жылы** – 196 302 болса,

**2021 жылы** – 193 117 білім алушы болған. Білім алушы саны бір жылда **3185-ке қысқарған**. Бұл қысқару – урбанизация және ШЖМ-ның жабылу салдарынан пайда болды.

Бүгінгі таңда ШЖМ-ның 51%-ы – 1407 мектепте біріктірілген сыныптары бар болса, 49%-ында, яғни 1341 мектепте біріктірілген сыныптары жоқ ШЖМ-лар.

*Еліміздегі тірек мектептерінің саны – 191.* Осы тірек мектептерге біріктірілген магнитті мектептер саны – 582 (21 %).

Тірек мектептерге тіркелмеген, яғни өздігінен жұмыс жасап жатқан шағын жинақты мектептер саны – 2143 (79 %)

Жалпы білім алушылар саны – 3 481 667 болса, шағын жинақты мектептердегі білім алушылар саны – 190 422 (5 %). Көбіне білім алушылардың халықаралық зерттеулерден төмендеу нәтиже көрсету себептерінің бірі – білімі алушылардың цифрлы сауаттылық мәселесі.

Шағын жинақты мектептегі білім алушылардың:

- жеке компьютері бары – 15582 (8%)
- жеке планшеті бары – 4956 (3%)
- жеке ноутбуктері бары – 23847 (12,5%)
- жеке нетбуктері бары – 44 (0,02%)
- жеке смартфондары бары – 93635 (49 %)

51 % білім алушының жеке смартфонның жоқтығы цифрландыру мәселесінде ойлануды қажет етеді. Яғни, білім алушылардың осынша пайызы қарапайым интернетке кіріп білім алуға шектеу болуы мүмкін деп санауға болады.

Шағын жинақты педагогтер мәселесінде:

Жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердегі педагогтер саны – 394 392. Оның ішінде шағын жинақты мектептерде – 50 225 (13 %).

Шағын жинақты мектеп педагогтерінің жоғары білімдісі – 42365 (84), арнайы білімі бары – 7857 (16%) және орта білімдісі – 3.

Шағын жинақты мектептерде «Шебер педагогтер» – 83 (0,16 %), «педагог-зерттеуші» – 5494 (11 «педагог-сарапшы» – 12 157 (24,2 «педагог-модератор» – 10301 (20,5%), «педагог» – 15821 (31,5%), «жоғары санатты» – 1137 (0,22%), «бірінші санатты» – 2755 (5,5, «екінші санатты» – 2477 (5%).

43960 (88 %) педагог мектеп компьютерімен қамтылған.

*2723 шағын жинақты мектепте:*

- жеке компьютермен қамтылған педагогтер – 7188 (14 %)
- жеке планшеті бар педагогтер – 185 (0,3 %)
- жеке ноутбуктері бар педагогтер – 29 538 (59 %);
- жеке нетбуктері бар педагогтер – 42 (0,08%);
- жеке смартфон бар педагогтер – 4929 (10%)

Көріп отырғанымыздай, педагогтердің де білім беру процесінде заманауи техникалық құралдарды талапқа сай қолданады деу ойландырады. Себебі, **73 % педагогте** жеке компьютері мен ноутбуктері бар. Яғни 27 % педагог жана сабаққа дайындаларда техникалық құралдарды қаншалықты қолданып, ғаламтор материалдарын білім алушы қажеттілігіне қарай сапалы білім беріп жатқаны ойлантады.

Ал шағын жинақты мектептегі **10 % педагогтің** жеке смартфонның болуы педагогтің қаншалықты цифрлы сауаттылығының деңгейін көрсетеді.

Мектеп жағдайына келсек, Интернеті жоқ мектептер саны – 5. <512 Кбит/с – 3, 512 Кбит/с – 5, 1-4 Мбит/с – 541. Жалпы 554 шағын жинақты мектепте сабақ өткізу мен сапалы білім беру мәселесі шешілмеген.

Еліміздегі – 2670 ауылда мектеп жоқ. Мектебі жоқ ауылдарда 436 440 тұрғын тұрады. Оның 62 293-і мектеп жасындағы білім алушылар. Интернатта тұрып оқитын білім алушылар саны – 4742. Күнделікті тасымалданаты – 47 821. Туыстарында тұратындары – 149 және өздігінен тасымалданатыны – 964. Сондықтан да алдағы уақытта цифрлы форматта білім беруді мектебі жоқ ауылдардың білім алушылары үшін пайдаланған тиімді болары анық.

Шағын жинақты мектептердің мәселесін шешу мақсатында бүгінгі күні Академияда 3 Жоба қарастырылып отыр. Олар:

1. «Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептерді қолдауға арналған «Білім ал» өңірлік жобасын зерттеп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көмек және оқу-әдістемелік жақтан қолдау көрсетіліп отыр. Осы жобаның іске асуына байланысты Академияда 2 әдістемелік ұсынымдама жазылып жатыр. 1. Ақтөбе облысында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын апробациядан өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. 2. Ақтөбе облысында «Білім ал» пилоттық жобасы шеңберінде ауыл мектептерінде қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар».

2. 2-Жоба Солтүстік Қазақстан облысында енгізілген «Microsoft» жобасы. Жобаға 7 тірек және 18 магнитті мектептер алынды. Жол картасы бекітіліп, педагогтер онлайн курстан өтті. Қазіргі уақытта жұмыс жоспарлы түрде жүргізілуде.

3. 3-Жоба Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағында сәйкес әзірленген Жол картасының негізінде әзірленіп жатқан «Цифрлы ауыл мектебі» жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жоба 2023-2025 жылдарға есептелген.

Жобаны іске асыру 2023 жылғы 1-қыркүйекке жоспарланған. Жобаға 5 өңір іріктеліп алынды. Олар: Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары. Қазіргі уақытта жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Жоба негізінде 5 пәнді: математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі пәндерін цифрлы форматта тірек мектептер арқылы оқыту жоспарланып отыр. Себебі тірек мектебінің педагогі өз аймағындағы мектеп білім алушылары мен тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін, салт-дәстүрі мен менталитетін етене түсінетін болғандықтан, жергілікті жердегі педагогтерді цифрлы педагогтер ретінде тарту жоспарланып отыр.

Цифрлық педагогке үстемақы төлеу мәселесінде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысының» 4-қосымшасы «Білім беру саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар» тарауының 5-ші «Деңгейлі біліктілікті

арттырудан өткен және тиісті деңгейдегі бағдарлама бойынша сертификат алған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының: бірінші (ілгері) деңгейдегі; екінші (негізгі) деңгейдегі; үшінші (базалық) деңгейдегі мұғалімдеріне» пунктiнiң «2016 жылғы 1 қаңтарға дейiнгi бiлiктiлiк емтиханын тапсырған мұғалiмдерге сертификаттың қолдану мерзiмi аяқталғанға дейiн төленедi», – деген сөйлемдi Қаулыдан алғызып тастау ұсынылып отыр.

Осы ретте «Өрлеу» бiлiктiлiк арттыру Ұлттық орталығының тренерлерi деңгейлiк курстардың бағдарламаларын әзiрлеп, цифрлық педагогтердi оқытуды бастайды.

Сонымен қатар аталған жобаны iске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2008 жылғы 30 қаңтардағы «Мемлекеттiк бiлiм беру ұйымдары қызметкерлерiнiң үлгi штаттарын бекiту туралы» № 77 Қаулысының 2. Бастауыш, негiзгi орта, жалпы орта бiлiм беру ұйымдары қызметкерлерiнiң үлгi штаттары тарауында магниттi мектептердiң штаттық кестесiнде «сынып жинақтауыштары мен топтардың саны» бойынша емес, магниттi мектептер бiлiм алушыларының санына қарай штаттық кестенi қайта қарастыру ұсынылды.

Сондай-ақ қазiргi уақытта тiрек мектептер мен магниттi мектептерге арнап жеке Үлгiлiк оқу бағдарламасын қарастыру мәселесi де iске асырылып жатыр.

*«Цифрлы ауыл мектебi» жобасын кезең-кезеңмен 2023-2026 оқу жылдарына iске асыру жоспарланып отыр:*

1-кезең. 2023-2024 оқу жылында: Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары (пилоттық жобада);

2-кезең. 2024-2025 оқу жылында: Алматы, Атырау, Түркістан, Абай, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары (пилоттық жобада);

3-кезең. 2025-2026 оқу жылында: Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Ұлытау және Жетісу облыстарында (масштаптау)

**Жобаны іске асыруда:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі; Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, «Білім мазмұнын тұрақты дамыту» Қоры және жергілікті атқарушы органдар бірлесе жұмыс атқаратын болады.

«Цифрлы ауыл мектебi» жобасын iске асыруда – негiзгi үйлестiрушi Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық бiлiм академиясы болады.

***Білім беру саласын цифрландыру мәселесінде келесі терминдер қолданылады:***

1. **Цифрландыру** – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд.

2. **білім саласын цифрландыру** – білім алушылар мен педагогтер техникалық құралдарды білім алу (беру) мақсатында тиімді пайдалана отырып, сапалы, қолжетімді білім алу мүмкіндігіне, қажетті білім мен ақпаратты жылдам

және тез саралауға, талдауға және білім алу (беру) саласында заманауи пайда болған ғылыми-техникалық процесс.

3. **цифрлық сауаттылық** – әртүрлі цифрлық платформаларда теру және басқа ақпарат құралдары арқылы ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізуге мүмкіндік беретін (грамматика, композиция, теру дағдылары және технологияны қолдана отырып мәтін, сурет, аудио және дизайн жасау қабілеті бойынша) цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығы.

4. **онлайн педагог** – техникалық құралдарды пайдаланып цифрлық платформа арқылы берілетін білім беру процестері мен мақсаттарына бейімделген және қайталауға жарамды цифрлық қызметтердің бірыңғай ортасын құру моделі.

5. **цифрлық құзырет** – тұлғаның өз білімі мен дағдыларын іс-әрекетте, білім, дағдылар, және көзқарастарда (мотивация және жауапкершілік) көрсете білуі.

6. **цифрлық құзыреттілік** – тұлғаның интегративті сапасы, оның сипаттамасы, білім беру процесінің нәтижесі, цифрлық мүмкіндіктерді кеңінен қолдану қабілеті.

7. **цифрлық мәдениет** – заманауи ақпараттық (цифрлық) технологияларды, олардың функционалдық мүмкіндіктерін түсіну, сондай-ақ оларды жұмыста немесе тұрмыста сауатты пайдалану мүмкіндігі.

8. **цифрлық трансформация** – цифрлық ресурстар мен цифрлық процестерді құру саласына көшіруден тұратын сапалы, революциялық өзгерістердің көрінісі.

9. **цифрлық технологиялар** – аналогтен айырмашылығы, үздіксіз сигналдармен емес, дискретті түрде жұмыс істейтін технологиялар.

10. **цифрлық дағдылар (машықтар)** – халықтың дербес компьютерлерді, интернетті және АКТ-ның басқа да түрлерін қолдану саласындағы құзыреттері, сондай-ақ адамдардың тиісті білім мен тәжірибе алудағы ниеттері.

11. **цифрлық инновациялар** – үлкен деректер технологиялары, нейротехнологиялар және жасанды интеллект, таратылған тізілім (блокчейн) жүйесі, кванттық технологиялар, жаңа өндірістік технологиялар, өнеркәсіптік интернет, робототехника және сенсорика компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және Толықтырылған шындық және басқа технологиялар негізінде цифрлық процестерді, ресурстар мен сервистерді пайдаланатын жаңа құрал.

12) **цифрлық кеңістік** – реттеу нормалары, ұйымдастыру, басқару және пайдалану тетіктері негізінде цифрлық процестерді, цифрлық өзара іс-қимыл құралдарын, ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылымдар жиынтығын біріктіретін кеңістік.

13) **тірек мектебі (ресурстық орталық)** – базасында магниттік шағын жинақты мектептердің білім алушылары үшін цифрлық (қашықтан) оқыту, қысқа мерзімді сессиялық сабақтар, аралық және қорытынды аттестаттау іске асырылатын жалпы орта білім беру ұйымы.

14) **магнитті мектеп** – тірек мектебімен (ресурстық орталықпен) бірлескен оқу-тәрбие, әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын білім беру ұйымы.

### **Цифрлы форматта оқу процесін ұйымдастыру**

Цифрлы форматта оқу процесін ұйымдастыру «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың Нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 382 бұйрығына» сәйкес жүзеге асырылады.

Қысқа мерзімді сабақ жоспары «Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» келесідей жүргізіледі:

Құжаттарды педагогтер қағаз немесе (білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда) электрондық форматта толтырады. Электрондық форматта толтыратын жағдайда қағаз нұсқа талап етілмейді.

Электрондық цифрлық қол электрондық жүйеге қосылған және құжаттар электрондық форматта жүргізілген жағдайда, мөр мен қолға теңестіріледі.

### ***Онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша оқу пәндерін цифрлы форматта жүргізуде цифрлы педагогтер:***

*күн сайын сабақ кестесіне сәйкес:*

1) цифрлы сынып журналдарын (қағаз немесе электрондық форматта);  
2) цифрлы сабақтың қысқа мерзімді (сабақ) жоспарларды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізеді.

*Оқу жылы басталғанға дейін бір рет:*

Цифрлы оқытатын пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарларды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді.

*Тоқсандық қорытынды бойынша:*

автоматтандырылған ақпараттық жүйеден автоматты түрде жасалатын және бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдауды жүргізеді (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында жүргізіледі.

### ***Цифрлы сыныпқа жауапты маман:***

оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде:

Цифрлы сыныптың МТБ-сына жауапты маман цифрлық сыныптың жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді және іске асырады;

*тоқсандық және оқу жылының қорытындысы бойынша:*

1) цифрлы форматта білім алушылардың үлгерім табельдерін (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);



*оқу жылының соңында бір рет:*

1) негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу және беру кітабын (қағаз немесе электрондық форматында);

2) жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабын (қағаз немесе электрондық форматында);

3) білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабын (қағаз немесе электрондық форматында).

### **Сабақты цифрлық форматта дайындау және өткізу кезінде цифрлық педагогтің және цифрлық педагогтің ассистентінің қызметі**

Оқытудың барлық түрлері (онлайн және офлайн) екі топқа: синхронды және асинхронды деп бөлінеді. Бұл бөлім оқуға қатысушылар арасында ақпаратты қабылдау мен жіберуді синхрондауға негізделген. Асинхронды оқыту ақпаратты қабылдауды кешіктіруді қамтыса, синхронды формат білім алушылар мен педагогтер арасындағы нақты уақыттағы өзара қарым-қатынасқа негізделген. Синхронды оқыту өзара қарым-қатынастың әртүрлі формаларын қамтиды: тыңдаушылар ақпарат ала алады және онымен өздігінен немесе топта жұмыс істей алады, оны басқа білім алушылар мен педагогтермен талқылай алады.

Осылайша: **синхронды оқыту** – бұл педагог пен білім алушының, сондай-ақ білім алушылардың өзара қарым-қатынасы (топтық оқыту болған кезде);

**асинхронды оқыту** – бұл өзара қарым-қатынас уақыт бөлінісінде іске асырылады. Мысалы, тікелей эфирде тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беретін вебинар – синхронды оқыту, ал сол вебинардың жазбасын мұғалімге сұрақ жіберіп, біраз уақыттан кейін жауап алу мүмкіндігімен қарау – асинхронды формат өтеді.

### **Цифрлы сабақтарды өткізу кезеңдері**

**Ұйымдастырушылық кезең – 5 мин.** (Цифрлы педагогтің ассистенті жүргізеді)

- білім алушылардың цифрлық сабаққа қосылуын қамтамасыз етеді;

**Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі – 25-30 мин** (СанПин нормаларына қарай). (Цифрлы педагог жүргізеді). Бұл кезеңде:

- цифрлы білім беру ресурстарын қолдана отырып, жаңа тақырыпты түсіндіреді;

- жаңа тақырыпты бекіту бойынша тапсырмаларды орындайды;

- сабақта қашықтан оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін қолданады;

- ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді.

**Сабақты бекіту кезеңі – 10 мин.** (Цифрлы педагогтің ассистенті жауапты болады). Бұнда:

- жаңа материалды игерудегі проблемалық мәселелерді анықтауға бағытталған кері байланыс беру;

- білім алушылардың оқу жетістіктеріне формативті бағалау жүргізеді;

- үй тапсырмасын жүктеуді үйлестіреді;

- білім алушылардың білімін толықтыру бойынша жұмыс жүргізеді;

- білім алушылардың білім сапасына жауапты болады.

### **Цифрлық сабақты жоспарлау (ҚМЖ/ҚМТЖ)**

- оқу жылының алдында цифрлы педагог пен цифрлы педагогтің ассистенті бірлесіп оқу жылына арналған пән бойынша ҚМЖ құрайды;

Цифрлы педагог пен цифрлы педагогтің ассистенті ҚМЖ-ға сәйкес сабақты бірлесіп жоспарлауды іске асырады:

- сабақтың жаңа тақырыбын түсіндіру үшін ресурстарды іріктейді;
- оқыту әдістері мен білім алушылардың білімін бекіту тәсілдерін анықтайды;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін әртүрлі тапсырмаларды әзірлейді (БЖБ, ТЖБ),
- оқу бағдарламасының меңгерілмей қалған мақсаттарын пысықтау және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру үшін тапсырмаларға іріктеу жүргізеді.

### **Цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету:**

- Қазақстан Республикасында цифрлық форматқа аударылған оқулықтар базасын пайдалану;
- сабақтарда тиімді көрнекі материалдарды қолдану;
- жеке мазмұнды әзірлеу.

### **Цифрлы сабақтың мазмұнын дайындау**

Педагог үшін келесі мазмұнды дайындау құралдарына ие болу маңызды: мәтіндік құжаттар, презентациялар, плакаттар, графиктер және ИНФОГРАФИКА. Педагогті сабаққа дайындалған кезде бейнелерді өңдеу, күрделі есептеулер жасау, тесттер, кроссвордтар мен викториналар, ақыл-ой карталары, портфолио, презентация шаблондарын және тағы басқалар қолданғанда пайдалы болады.

*Ескерту: тізімнің соңына түсу үшін жүгірткіні пайдаланыңыз.*

4. Анимацияны көргенде, сіз де аласыз осы тақырыппен байланысты басқа көрініске жылдам ауысыңыз. Ол үшін «Нысандар» батырмасын басу керек. Берілген анимацияға қатысты «қағаз қыстырғышы» бар нысандардың тізімі пайда болады.

*Ескерту: қағаз қыстырғышсыз нысандарда анимация жоқ.*



5. Алдыңғы сахнаға (анимацияға) оралу үшін көрсеткіні басыңыз Экранның жоғарғы оң жағында орналасқан «артқа».



### ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

**Тест тапсырмалары** – Білім алушылардың өткен материалдары туралы білімдерін бекітуге, сондай-ақ проблемалық сұрақтарды анықтауға мүмкіндік береді.

ROQED Science, тест тапсырмаларының 6 түрі бар:

- Белгілердің сәйкестігі;
- Құрастыру;
- Нысанды таңдау;

### ӘРҚАЙСЫСЫМЕН ЖЕКЕ ТАНЫСАЙЫҚ

1. **Белгілердің сәйкестігі** – тесттің бұл түрі ұсынылған опцияларды тиісті нысандарға сүйреп апару арқылы білім алушының білімін тексеруге мүмкіндік береді.

Ол үшін негізгі мәзірден «АВТО – сұрақтарды» таңдау керек режимде болу зерттеу. Содан кейін **«тапсырма түрін таңдаңыз» ұяшығында «белгілердің сәйкестігі»** тестін таңдаңыз. Тест автоматты түрде жасалады.

Кейін, ұсынылған опцияларды тиісті нысандарға сүйреуді бастаңыз.

***Ескерту:** дұрыс жауап бергенде экран «жасыл», ал қате жауап «қызыл» болып жанады.*

2. **Құрастыру** – нысандарды сүйреп апару арқылы тесттің бұл түрі модельді бастапқы күйіне қайта жинауға мүмкіндік береді. Осылайша, білім алушы барлық нысандардың орналасуын көзбен көріп естерінде сақтай алады.

Ол үшін бетті қосып, үлгіні жеке нысандарға бөлшектеу керек. Содан кейін **«тапсырма түрін таңдау» ұяшығында «құрастыру»** тестін таңдаңыз. Тест автоматты түрде жасалады.

Кейін, нысандарды бастапқы орнына қарай тарта бастаңыз. Бағдарлама бөлектеу арқылы дұрыс позицияны ұсынады.

***Ескерту:** дұрыс жауап бергенде экран «жасыл», ал қате жауап «қызыл» болып жанады.*

3. **Нысанды таңдау** – сұрақ қою арқылы тесттің бұл түрі дұрыс нысанды анықтауға / таңдауға мүмкіндік береді.

Ол үшін сізге Парақ қосу керек. Содан кейін **«тапсырма түрін таңдау» ұяшығында «нысанды таңдау»** тестін таңдаңыз. Сұрақ автоматты түрде жасалады.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу - тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата - аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру.

### **3. ОНЛАЙН-САБАҚТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР**

XXI ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар бастауыш мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталайық. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау.

Пандемия кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ең алдымен қашықтан оқыту бойынша халықаралық тәжірибені зерделеді. Әлем бойынша оқытудың балама түрлері ойластырылды. Сонымен қатар пандемия кезінде қашықтан білім беру үшін сабақтар телеарналар арқылы трансляцияланды, видеосабақтарды арнайы платформаларға жүктеу, радио арқылы сабақтарды аудиотрансляциялау, электрондық пошта және пошта қызметі сынды т.б. тәсілдер пайдаланылды.

Пандемия уақытында қабылданған шаралар қазақстандық мектептер үшін де жаңа әрі күтпеген жағдай болды. Жаңа оқу форматына дайындық барысында басты мәселелер анықталды.

Солардың бірі – орта білім беру жүйесінің дайындық факторы: дағдарыс жағдайында қашықтан оқытуға көшу, әсіресе, ауылдық мектептердегі педагогтердің ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Екіншіден, бұл – сыртқы факторлар: интернет-байланыс факторы, инфрақұрылымдар, кері байланыс орнату үшін қажетті жабдықтардың жетіспеуі.

Үшіншіден, білім алушылардың басым көпшілігімен бір мезгілде стримингтік байланыс ұйымдастыруға жағдай жасайтын отандық IT-платформалардың болмауы, цифрлық білім беру контентінің және Интернет арқылы сабақ өткізу үшін толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Осы мәселелерді шешу үшін аз уақыттың ішінде материалдарды, бағдарламаларды дайындауға, видеосабактарды түсіруге, оқытудың, бағалаудың жаңа ережелері мен нұсқаулықтарын әзірлеуге, педагогтер үшін оқыту курстарын өткізуге және қашықтан оқыту үшін арнайы интернет-платформалардың жұмысын жеделдетуге тура келді.

Министрлік халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік банктің ұсынымдарын зерделеп, туындаған мәселелер мен мүмкіндіктерімізді ескере отырып, қашықтан оқытудың бірнеше технологиясын бірден қолдану қажет деп шешті. Олар:

- 1) интернет арқылы оқыту;
- 2) телеарналар мен радио арқылы білім беру;
- 3) шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елді мекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу.

Осылайша 4-тоқсанда 2,4 млн. білім алушы Интернет арқылы білім алды. Мектептердің жұмысын жандандырған «Daryn.Online», «BilimLand» интернет-платформалары және «Күнделік» жүйесі қолжетімді болды.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде педагогтер сабақтарды көбіне «Microsoft Teams», «Meet by Google Hangouts» сияқты басқа да шетелдік стримингтік жүйелер арқылы өткізеді.

«Балапан» және «Ел Арна» арналарында телесабақтар арқылы оқыту кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, салалық министрлік пен «Қазақстан РТРК» корпорациясының қолдауымен жергілікті арналарда телесабақтарды ретрансляциялау ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту форматы педагогтер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты реттеп, бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығын айқын көрсетті.

Қашықтан білім беру кезінде мектеп пен мұғалімнің жұмысы көбеймесе, азаймайды. Біз бұл технологияны ауа райының қолайсыздығына байланысты оқушыларды сабақтан босатқанда немесе баланың денсаулығына байланысты үйінде оқуға мәжбүр болғанда не шағын жинақты мектеп оқушыларының білім алуына қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет болған жағдайда қолдануға тиімді.

Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру мәселелерінде – цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып шағын жинақты ауыл мектептердің білім алушылары және педагогтері, білімінде олқылықтары бар, мотивациясы төмен білім алушылар үшін онлайн платформаның көмегімен қосымша білім беру жолдарын ұсыну қажет.

Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру мәселелерінің басым бағыттары цифрлық технологияларды пайдалану арқылы Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы негізгі процестер мен басқару процестерін түрлендіру. Қашықтан оқыту моделі мен механизмін құру арқылы білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуді, онлайн-платформаларды кеңінен пайдалануды, жекеленген білім беру траекториялары мен курстарын, кеңістік пен форматтардың жаңа мүмкіндіктерін енгізуді көздейді.

Қашықтан оқыту тек онлайн білім беру мен сабақтарды онлайн өткізу ғана емес, онда электрондық кесте де, онлайн білім беру элементтері де, мектептер мен білім алушылар цифрлық платформаға жүктеліп кері байланыс беру арқылы жүзеге асырылады.

#### **Нәтижесінде:**

- Білім алушы бойында цифрлық білім беру жүйесі қалыптасады, білім беру процесі жақсарады, қолжетімді, сапалы білім беріледі, заманауи цифрлық кеңістікте қажетті білім алуға мүмкіндік туады;
  - Цифрлық ортада коллаборация, әлеуметтену жүреді;
  - цифрлық сауаттылық, құзыреттілік, цифрлық қарым-қатынас, цифрлық мәдениет, цифрлық машықтар қалыптасады;
  - өңірдегі мектептердің МТБ-сы жақсарады, интернетке қосылу мүмкіндіктері шешіледі;

#### **Онлайн платформада виртуалды білім беруді ұйымдастыру жолдары**

Ауыл мектептерінде цифрлы оқытуды ұйымдастыру арнайы онлайн платформа арқылы жүзеге асырылады.

Бұнда магнитті мектептерде жасақталатын цифрлы сыныптардағы білім алушылар саны әр шағын жинақты мектептерден жасақталғанда мүмкіндігінше 15 оқушыдан аспаған цифрлы сыныптарда жасақталады. Себебі, бұл цифрлы педагогтің әрбір балаға сабақты оқығанына мән беріп, оның сабақты түсінген-түсінбегенін анықтау үшін кері байланыс құруға мүмкіндік туады.

Цифрлы оқыту кезінде «цифрлы педагог» (пән мұғалімі) және «цифрлы педагогтің ассистенті» (магнитті мектептің пән мұғалімі немесе жауапты маман) бірлесе жұмыс жүргізеді. Онлайн өткізілетін сабақтың санитарлық нормаларға сәйкес 25-30 минутын цифрлы педагог өткізіп, қалған 15-20 минутын цифрлы педагогтің ассистенті жүргізу ұсынылады.

Цифрлы педагог оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бағытында, ал цифрлы педагогтің ассистенті сыныптың цифрлы сабаққа қосылуын, тапсырмалардың орындалуын, кері байланыс орнатуды, жаңа материалды бекітуді, оқу платформасында үй тапсырмаларының жүктелуін және т.б. орындалуын қадағалайды.



Цифрлы педагог пен цифрлы педагогтің ассистентімен бірлесіп жана сабақтың өтуін жоспарлайды.

Цифрлы сабақ өткізу үшін тірек мектебінде арнайы жабдықталған кабинетті қарастыру ұсынылады.

Цифрлы сабақтар тікелей таспаға жазылып, платформаға жүктеледі. Білім алушыларға өткізілген цифрлы сабақтарды платформадан қайта қарауға мүмкіндік беріледі. Оқу жылының соңында үздік цифрлы сабақтардың жиыны іріктеліп, аудандық, облыстық деңгейде қорытындысы шығарылады.

*Цифрлы оқыту кезеңдерінде:*

- білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау үшін цифрлы платформада білім алушылар тест тапсырады;

- білім алушылар (15 оқушыдан) цифрлы сыныптарға бөлінеді;

- тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерімі мен мектептің білім сапасының табыстылығын анықтау үшін пәнді меңгеру негізінде тестілеу жүргізіледі;

- БЖБ, ТЖБ жұмыстарын өткізуді цифрлы педагог пен цифрлы педагог ассистенті бірлесе жоспарлайды, орындалған жұмыстарды келісе бағалайды.

Мектептің оқу-әдістемелік мазмұны инвариантты (типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарындағы барлық білім алушылардың оқуы үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті) және вариативті (үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті) компонент бойынша оқытуды көздейтін модульдік оқытуға негізделген білім беру ұйымы білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес айқындайды).

Вариативті компонент жаһандық құзыреттер мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрықтың талаптарына сәйкес құрылады.

Мектептердің бөлім мен тоқсан үшін жиынтық бағалау, ЦБР, ҚБТ және пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу қызметін ұйымдастыруға сәйкес технологиялық карталар әзірленеді.

**Қазақстандағы цифрлы білім беруді ұйымдастырушы платформалар бойынша мәліметтер**

«BilimLand» экожүйесінде:

- Балабақша ға арналған «Bilim Kids»;

- Бастауыш сыныпқа «imektep.kz», «onlinemektep.org», «bilimland.kz»

- Орта мектеп бағдарламасына негізделіп жасалған «twig-bilim.kz», «bilimland.kz», «onlinemektep.org»;

- Педагогтер қауымдастығына арналған «BilimUstaz» ресурстары бар.

«Online Mektep» платформасындағы мазмұн ҚР БҒМ оқу бағдарламасына сәйкес НЗМ мен еліміздің үздік педагогтердің қатысуымен әзірленді. Мазмұнда 1–11-сыныптарда оқытылатын пәндері толық оқу материалдарымен қамтылған, 39 пән бойынша 26 000 сабақ, 500 000-нан астам жаттығу бар. Сабақ

құрылымы: видео, аудио, анимация, конспект, жаттығу, суреттер, виртуалды зертханалардан тұрады. Тапсырмалар А, В, С деңгейлері бойынша жіктелген.

«Online Мектеп» платформасында геймификация элементтері бар. Бұл – білім беру процесінде ойын технологияларын қолдану арқылы оқушының оқуға ынтасын арттыру және бонустар алу.

Бастауыштың негізгі 7 пәні бойынша әзірленген «Imekter.kz» ресурсында 170-тен аса тақырып қамтылған анимациялық сабақтар бар. Әр анимациялық сабақтан кейін білім алушы төрт түрлі интерактивті тапсырмаларды орындай алады.

Заманауи үлгіде жасалған «twig-bilim» ресурсы – орта мектеп бағдарламасындағы химия, физика, биология, математика, география және жаратылыстану пәндері бойынша әзірленген оқытуға арналған фильмдер топтамасы. Мұнда

- 639 (екі тілде 1278) ғылыми фильм
- 73 (екі тілде 146) оқу материалы
- 81 (екі тілде 162) эксперимент фильмі
- 665 (екі тілде 1330) ғылыми глоссарий бар.

Жоғары сынып оқушыларына арналған «Itest.kz» сайтында 70 мыңнан астам қазақ, орыс тілінде тест тапсырмалары жинақталған. Бұл сайт арқылы оқушылар ҰБТ өз бетімен дайындала алады және де пән мұғалімдері өз сабақтарында бекіту бөлімінде тест тапсырмаларын оқушыларға орындатуға болады.

«Bilimcenter.kz» функционалдық сауаттылық PISA халықаралық зерттеуіне дайындыққа арналған ресурс.

«BilimLand.kz» платформасы қазақ, орыс, ағылшын тілінде жұмыс істейді.

Платформада жаңартылған бағдарлама негізінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Химия», «Қазақстан тарихы», «Дүниетану», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Русский язык» пәндері (қазақ, орыс тілінде) цифрлық форматта әзірленіп жүктелген. Бұл сабақта әр тақырып бойынша жұмыс парақтары мен жұмыс парақтарының жауаптары бар.

10-11-сыныптың «Химия», «Алгебра», «Геометрия» пәндерінде жұмыс парақтары жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағытқа бөлініп жасалған. Жұмыс парақтарын платформадан жүктеп алуға, принтерден басып шығаруға болады. Сонымен қатар виртуалды зертхана топтамасында химия, география, физика, математика, биология пәндері қамтылған және де халықаралық стандарттарға негізделген қазақ тілі, ағылшын тілі, математика, физика, химия курстары мен мектеп бағдарламасында оқытылатын қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті шығармаларының ең үлкен аудиохрестоматиясы бар. Оқытуға арналған барлық цифрлық сабақтар ғылыми оқу сараптамасынан өткен.

### **«Daryn.online» платформасы бойынша**

«Daryn.online» экожүйесі білім алушы мен педагог арасындағы оқу процесін ұйымдастыруға арналған ыңғайлы қосымша білім беру жүйесі. Осы уақытқа дейін 3000-нан аса мектеппен онлайн тығыз байланыс жасап, ортақ

мақсаттағы білім беру ұйымдарымен серіктестік орнатты. Платформа мүмкіндіктерімен әр қолданушы басты бетте таныса алады. Сондай-ақ оң жақ бөлігінде қолдау бөлімінің номері мен төменгі жақта көк батырмамен чаты қолжетімді. Сайттың бетіндегі қолдау бөлімі: 8.00-00.00 қолжетімді.

Әр қолданушы жеке логин мен құпия сөзі арқылы жеке профиліне кіре алады. Сондай-ақ әр аккаунтқа персоналды ID номері беріледі.

Қолданушы өзі туралы ақпаратқа әр кезде өзгертулер енгізе алады.

Платформа 1-11-сынып аралығында қазақ және орыс тілді мектеп білім алушыларына негізгі мектеп пәндерінен арналған дайын видеосабақтарды қамтиды. Педагогтерге кез келген пән мен сынып сабағы қолжетімді. Ал білім алушы өзінің оқитын сыныбына сай пәндерді оқи алады. Барлық сабақтар «**Менің курстарым**» бөлімінде қолжетімді. 1-сынып білім алушыларына видеосабақтар 2 форматта ұсынылған.

Әр сабақтың басты бетінде сабақ туралы, авторы туралы ақпарат бар. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің стандарты бойынша пән мазмұны берілген. Әр тақырыпқа видеосабақтар түсірілген. Бұл бетте курстың рейтингі мен пікірін көруге болады. Курс рейтингі 2 деген бағаға жетсе, курс толықтай жаңа авторымен қайтадан түсіріледі.

Сайт толықтай СанПиН стандартына сай жасалған. Ал барлық сабақтар Қазақстандық Aitube платформасына енгізілген. Бұл қадамдар арнайы қолданушының көру қабілетіне зақым келтірмес үшін және де видеосабақты көру барысында интернет желісін үнемдеу үшін жасалған. Негізгі орташа сабақтың ұзақтығы 7 минутты құрайды.

Видеосабақтың төменгі жағында КМЖ-ға сәйкес оқу мақсаттары және сабақтың конспектісі берілген.

Видеосабақтан алған білімді бекіту үшін соңында тапсырмалар берілген.

Бастауыш сынып білім алушыларына 5 сұрақтан тұратын тест, ал 5 сыныптан бастап 10 сұрақтан тұратын тест беріледі. Сұрақтар әр білім алушыға әртүрлі реттілікпен келеді. Сондай-ақ, платформада арнайы білім алушының сабаққа құштарлығын ояту мақсатында мотивациялық-монетизацияланған жүйе іске қосылған. Толықтай айтқанда, әр сұраққа жауап беру де білім алушыға таңдау берілген: ол жауабын сонында көрсе болады немесе 1 сұрақтың өзіне 3 мүмкіндік берілген, сол мүмкіндіктерді пайдалана отырып дұрыс жауап берген/бермегенін тексере алады. Әр дұрыс сұраққа дарын бонустары беріледі. Бонус берілу логикасы: біріншіден дұрыс жауап берілген жағдайда білім алушы 3 дарын бонусын алады, 2 реттен 2 дарын бонусын, 3 реттен 1 дарын бонусын ала алады.

Көбіне сабақ орындау барысындағы қателіктер білім алушыға демотивация болып келуі мүмкін. Сол үшін қате жауап берген жағдайға, қанатты сөздер берілген.

Тестілеу соңында нәтижені көріп, сабаққа өз бағаны беруге болады.

Платформада дарын бонустарын білім алушы ғана емес, педагог те жинай алады. Барлық жиналған дарын бонустар профильдің бетін көрініп тұрады. Ол

дарын бонустарды сайттағы қосымша курстарды немесе заттарды сатып алуға пайдалана алады.

«Daryn.online» сайтында келесі Халықаралық тестілеуге дайындалуға болады: PISA, PIRLS, TIMSS, БЖМ.

**Байқау тесті** бөлімін әр педагог 1 рет тегін түрде педагогтерге арналған аттестация тестін тапсыра алады. Ал жоғары сынып білім алушылары үшін **ҰБТ** (Ұлттық Бірыңғай Тестілеу) тесті тегін, әрі шексіз тапсыру мүмкіндігі бар.

**ҰБТ тестілеуі** толықтай жаңа форматқа икемделініп жасалынған. Білім алушы 1 немесе бірнеше пәннен тест тапсыра алады. Білім алушыға тестілеуден өтуге, 4 сағат уақыт пен кез келген пәннен бастауға таңдау мүмкіндігі берілген. ҰБТ-ға дайындалу барысында білім алушыларды тест тапсыру мен тесттерді жаттауды етене пайдаланған соң, Байқау сынағын тапсыру кезінде қате/дұрыс жауап беру мүмкіндігі қосылған. Сол арқылы білім алушы қай жерден қателескенін біліп, дұрыс жауаптарын біле алады.

Тестілеу соңында, нәтиже, алдыңғы тестпен салыстырмалы талдау жұмыстары, тестілеуде келген тақырыптарды көру мүмкіндігі беріледі.

Платформада ай сайын педагогтер мен білім алушыларға олимпиадалар өткізіледі. Кез келген уақытта болашақта болатын олимпиаданы **Жуырда** бөлімінен білуге болады. Барлық қатысушыларға **Сертификаттар**, жоғары ұпай жинағандарға **Диплом** беріледі.

### **Тегін бөлімі**

**I. Білім деңгейін тексеру тесті.** Білім алушының белгілі бір тоқсан бойынша білімін тексеруге бағытталған тест. Тестілеуге 30 мин уақыт және 30 сұрақ беріледі. Жауаптарды педагог жеке кабинетінде көре алады.

**II. Мақала.** Педагогтер өзге мақала/ашық сабақ/эсселерді оқи отырып, өз мақаласын жариялай алады. Әр мақала/ашық сабақ/эссе редактордың тексерісінен өтеді. Соған сай мақала/ашық сабақ/эсселер жарияланады. Қабылданған ұстаздардың мақаласына сертификат беріледі.

Мақала статусын жеке профиліндегі **Мақалалар** бөлімінен көреді.

### **Мұғалім кабинеті.**

Мұғалім кабинетіне өту үшін **Мектеп кабинетіне өту** керек.

Сол кезде автоматты <https://member.daryn.online/login> сайтына өтеді. Бұл кабинет тек ұстаздарға қолжетімді. Жауапты мамандарға **администратор** рөлі беріледі.

**Қолданушылар** бөлімінде мектептегі платформаға тіркелген оқушылар мен мұғалімдер тізімін көруге, экспорттауға болады. Кез келген ұстаз оқушының құпия сөзін жаңартып, ақпаратты өндей алады. Ал ұстаздар аккаунттары бойынша администратор жұмыс жасайды. Сондай-ақ актуалды емес оқушы/ұстазды өшіріп, өшірілгенді қайтадан қалпы келтіру қарастырылған. Бұл функционалдар да администраторға берілген.

### **Оқушылардың тестілеу нәтижелері ұстаздарға қолжетімді.**

I. ҰБТ Байқау сынағы нәтижелері. Нәтижелерді экспорттауға болады.

II. Халықаралық тестілеу нәтижелері.

III. Білім деңгейін тексеру тест нәтижелері, жауаптарымен.

IV. Конструктор арқылы ұстаз құрастырған тестілеудің жауаптары.

V. Видеосабакты көргендігі жөнінде ақпарат.

VI. Видеосабактың астындағы тесттердің нәтижелері.

**Конструктор бөлімі.** Конструктор мұғалімдер платформа беретін тесттерден бөлек өзінің БЖБ/ТЖТ/тесттерін құрастыруға мүмкіндік береді. Барлық ұстаздың тесттері **Конструктор** бөлімінде сақтаулы тұрады. Басқа ұстаздардың тесттерін **Сабақтар базасында** көріп, қалағандарын сақтаса болады. Сақталған тесттер **Таңдаулы сабақтар** бөлімінде сақтаулы болады.

Тестті қосу үшін жоғары оң жақтағы **Қосу** батырмасын басып, негізгі ақпараттарды толтырып, дедлайн қоюға болады.

Сұрақтарды қосу үшін **Әрекет Сұрақтарға** өтесіз.

Сұрақтың 4 түрлі түрін қосуға болады.

1. Бір дұрыс жауабы бар жаттығу
2. Бірнеше дұрыс жауабы бар жаттығу
3. Ашық сұрақ
4. Сәйкестендіру

**Бейнеконференция.** Платформа 2 сағат бойы, сыйымдылығы 500 қолданушы онлайн форматта конференция ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Яғни, әр мұғалім сабағын онлайн форматта ұйымдастыра алады. Өтілген конференцияны қайта қосуға болады. Өңдеу арқылы тек конференция аты мен қолжетімді сыныбын өзгертуге болады. Демонстрация экраны, чат, опрос, қатысушылардың статистикасы көрінеді.

**Сабақ кестесі.** Сабақ кестесі өзгеріссіз қалса, көшіруге болады.

Сабақ кестесін қосу үшін жоғары оң жақтағы **Қосу** батырмасын басып керекті ақпараттарды толтыру керек. Кестені кез келген уақытта администратор өзгерте алады.

Білім алушының жеке кабинетінде сабақ кестесі бөлімі қолжетімді болады.

Сыныпты құру үшін **Сынып құру** батырмасын басып сыныпты жазып, керекті оқушыларды таңдап, сақтау қажет.

Кейбір пәндерден сыныптың ішінде топқа бөлінетін сыныптар болса, сыныптың үстіне басып **Топтар бөліміне** өтіп, қалауынша топтар құрастыруға болады.

**Статистика бөлімінде** әр мектептің өзінің статистикасы қолжетімді.

**Нұсқаулықтарға** кіріп, мұғалім сұрақтарына жауап ала алады.

«Daryn.online» білім беру платформасы мұғалімдерге де оқушыларға да көмекші құрал болып табылады. Оқушы ауырып қалған жағдайда, сабақты үйден оқи алады, ал мұғалім өз кезегінде оны қадағалай алады. Оффлайн оқу процесі кезінде үлгерімі төмен оқушыларға немесе сабақты толықтай игеру үшін пайдалану сабақ процесін әлдеқайда тиімді етеді.

## Қорытынды

Елдің болашағы – цифрлық технологияда. Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау мен білім беру, қала тіршілігі, жалпы адамның күнделікті өмірі айтарлықтай өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда. Соған қарай коммуникациялар мен ақпараттық жүйелерге және көрсетілетін қызметтерге жаңа талаптар қойылуда.

Цифрлық экономиканы қалыптастыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген елдерге тән ортақ сипат бар Ол – инновацияны енгізуге қолайлы жағдай туғызып, цифрлық технологиялар мен инфрақұрылымға қомақты инвестиция салу.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында мемлекеттік кепілдіктер берілетіні анық жазылған. Дамыған елдердің тәжірибесінде білім беру мен денсаулық сақтау, ғылымды дамыту, спорт, жұмыспен қамтуға бағытталған реформалар мен инвестицияның нәтижесінде ұлт өмірін сапалы қылуға, постиндустриалды қоғам талаптарына жауап беретін интеллектуалды қоғам орнатуға, табысты жастарды тәрбиелеуге болатынына көз жеткіземіз. Мемлекеттің әр қадамы нәтижелі болу үшін тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі де жоғары болуы керек.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістері кезінде, сапалы білімнің реформасын тек қана толығымен өңделген стратегия арқылы жүзеге асыруға болатынын түсіну нәтижесінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі едәуір жетістіктерге қол жеткізіп, алдағы уақытта бұл үрдіс жалғасатынына көз жеткізуге болады.

Ұлттық білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісін кешуде. Білім саласын цифрландыру мәселесінде ауыл мектебі білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді ету арқылы ауыл баласына қала мектебіндегідей сапалы білім беруді ұйымдастыру жолдарын қарастыру.

Заман ағымы бір орында тұрмайды, әрқашан өзгеріп, жаңарып отырады. Онымен бірге адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен қажеттіліктері де өзгереді. Жаңа қажеттіліктерге сай мамандар даярлау үшін білім жүйесі де трансформацияланып, уақыт ағымына ілесіп отырады. Осы жағдайда білім беру технологияларының, форматтарының уақыт өткен сайын жаңарып, жаңғыруы қалыпты құбылыс. Бүгін өзекті болған кейбір құралдар мен нормалар, ертең маңыздылығын жояды. Мысалы, бүгін біртіндеп дамып келе жатқан виртуалды шындықтың білім беру жүйесіне енуі, басқа шарттарды талап етеді. Осындай өзгермелі әлемде мемлекеттегі білім саласына жауапты шешім қабылдаушылардың міндеті өзектілігі артып келе жатқан технологияларды ерте аңғарып, оны басқалардан бір саты бұрын енгізе білу. Бұл азаматтардың да, мемлекеттің де бәсекелік қабілетін күшейтеді.

Жалпы, заман талабына сай, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін білім беру жүйесін цифрландыру өте өзекті деген тұжырым жасауға болады. Сол себепті әлемнің көптеген елдері арнайы бағдарламалар қабылдап,

заманауи технологиялардың білім саласында қолданылуын кеңейтуге ұмтылып отыр. Қазақстан да бұл салада жағымды өзгерістердің жүргізіліп жатқандығы, мемлекеттік қолдау мен инвестицияның жоғарылығы, еліміздің осы бағытта әлемнің кез келген елімен бөлісе аларлық тәжірибесі барлығы анықталды. Бұдан отандық білім жүйесі заманауи технологияларды меңгерген, сапалы кадрлар даярлауға қабілетті деген ой түйіндеуге болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
2. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы
3. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысы
4. «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы
5. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы
6. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, мамандандырылған, арнайы білім беруді, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беруді, балалар мен ересектерге қосымша білім беруді ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы
7. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы
8. «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы
9. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы
10. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері орындауға міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы
11. «Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығы



12. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды «Әділ Қазақстан – Барлығына үшін және әрқайсысы үшін. Қазір және мәңгі». Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы

13. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарғысы

14. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жарғысы

15. ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекітілген «Білім беруді дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған Жол картасы

Қосымша



«АЛМАТЫКІТАП» БАСПАСЫНЫҢ ТОPIQ.KZ



TopIQ

## **ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАР ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (Мұғалімге арналған)**

Тіркелу, Авторизация, Кітапхана, Журналдар, Тапсырмаларды тағайындау, Жеке кабинет

## **ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАР ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

**(Мұғалімге арналған)**

**Тіркелу**

1. Платформаны пайдалану үшін «Тіркелу» батырмасы арқылы тіркелуден өтеміз:

2. Берілген қатарларды толтырып «Жалғастыру» батырмасын басыңыз:

3. Тіркелгеннен кейін негізгі экранда сәтті тіркеу туралы хабарлама пайда болады:

4. Дұрыс енгізілген мәліметтерден кейін сіздің поштаңызға тіркеуді растайтын хат келеді;

5. Платформаны дұрыс пайдалану үшін электрондық мекен-жайыңызды растауыңыз керек:

**Авторизация**

1. «ТОPIQ.KZ» сайты ашамыз (сайтты кез келген құрылғыдан: дербес компьютерден, ноутбуктан, планшеттен, смартфоннан ашуға болады. Қосымша бағдарламалар жүктеу қажет емес).

2. Кіру үшін тіркеу кезінде көрсетілген e-mail және құпиясөзді енгізіңіз:

3. Сіз «Күнделік» арқылы авторизациялаудан өте аласыз. Ол үшін кіру терезесінде «Күнделік» батырмасын басыңыз:

4. Бұдан әрі «Күнделік» e-mail және құпиясөзді енгізу арқылы авторизациялану қажет:

5. Жүйеге кіргеннен кейін Сіз өзіңіздің жеке кабинетіңіздің негізгі бетіне өтесіз:

6. Сізде платформаның толық функционалы қол жеткізу үшін лицензияңыздың жоқ екенін ескеріңіз:

7. «Сіздің мектебіңіз TopIQ-ге қосылған», бұл жағдайда мектеп әкімшісінен лицензияны іске қосуды сұраңыз. Лицензия белсендірілгеннен кейін, Сізде платформаның толық функционалы қол жетімді болады.

8. Егер Сіздің мектебіңіз TopIQ-ге қосылмаған болса, «Күнделік» арқылы авторизациядан кейін Сізде демо-қолжетімділік қосулы болады:

9. Платформаның толық функционалдығына қол жеткізу үшін лицензия сатып алу керек. Ол үшін «Өту» батырмасын басыңыз немесе жеке кабинетте «Тарифтер» қойындысында сәйкес жазылымды тандап, «Қосу» түймесін басыңыз:

10. «Қосу» түймесін басқан кезде хабарлама пайда болады. Мұқият оқып шығыңыз!

11. Төлеуге келісім бергеннен кейін сізде TopIQ веб-ресурсының тарифін төлеу үшін терезе пайда болады. Картаңыздың деректерін толтырып, «Төлеу» батырмасын басыңыз:

12. Төлем сәтті аяқталғаннан кейін Сізге пошта арқылы topiq.kz-тен түбіртек хат жіберіледі:



Төлем сәтті аяқталғаннан кейін Сізге платформаның толық функционалы қолжетімді.



Назар аударыңыз! Егер Сіз мектеп пакеті аясында қосылсаңыз, онда Сізге ештеңе төлеудің қажеті жоқ! Сізге «Күнделік» жүйесінің логині мен құпиясөзі арқылы авторизация қолжетімді.

### **Кітапхана**

1. Сіздер TOPIQ.kz платформасына орналастырылған, 1-11-сыныптарға арналған барлық оқулықтарды көресіз:

2. Беттің сол жақ бөлігінде сыныбы, тілі, пәні және т.б. бойынша іздеу функциясы орналасқан. Осы функцияның көмегімен, Сіз қажетті оқулықтарды сүзе аласыз:

3. Оқулықты көру үшін электронды оқулықтар кітапханасында «Қарау» батырмасын басамыз. Сізге оқулықтың параграфтарға бөлінген мазмұны ашылады:

4. Ыңғайлы болу үшін Сіз кітаптың көлемін сол жақ жоғарғы бұрыштағы «Үлкейткішпен» үлкейтуге немесе кішірейтуге болады:

5. Керекті параграфты ашу үшін оның үстіне басыңыз:

6. Жаттығу:

1. Жиі қолданылатын кітаптарды таңдаулы ресурстар тізіміне қосуға болады. Ол үшін «Қарындаш» түріндегі түймені басу керек:

2. «Қарындаш» түймесін басқаннан кейін Сіз таңдаған кітап «Жаттығу» қойындысындағы таңдаулы ресурстар тізіміне қосылады:

### **Журналдар**

1. «Журналдар» бөлімінде Сіз оқушылардың тізімін көре аласыз, сонымен қатар қажетті журналды өңдей аласыз (пайдаланушыны жою, пайдаланушыны қосу). Журналды редакциялау үшін «Қарындаш» түріндегі батырманы басыңыз. Журналдың көшірмесін алу үшін, «Парақша» түріндегі батырманы басыңыз:

2. Түймені басқаннан кейін Сіз журналды өңдеуге арналған жаңа терезені ашасыз:

3. Оқушыны журналға қосу үшін құсбелгіні қою керек. Журналдағы тізімнен оқушыны жою үшін оқушыдан құсбелгіні алып тастау керек:

### **Тапсырмаларды тағайындау**

7. Оқушыға тапсырма тағайындау үшін біз келесі әрекеттерді орындаймыз.

1. Электрондық оқулықтар кітапханасында «Тағайындау» түймесін басыңыз;

2. Атауы бөлімінде кітаптын атың еңгізіңіз немесе тақырыпты жазыңыз;

3. Журналды таңдаңыз;

4. Беттер ауқымын көрсетіңіз;

5. Оқушыға Нұсқаулық жазу;

6. Орындау мерзімін таңдауды ұмытпаңыз;

7. Сабақты жіберу үшін «Тағайындау» түймесін басыңыз.

8. Оқушы тапсырманы орындағаннан кейін тапсырманы тексеру кезеңі болады. Ол үшін «Тапсырмаларды тағайындау» модулін ашыңыз, қажет журналды ашып, «Тексеру» түймесін басыңыз:

9. Тапсырманы тексергеннен кейін орындалған тапсырманы бағалаңыз. Тапсырманы бағалау үшін оң жақ жоғарғы бұрыштағы бағалау батырмасын басыңыз:

10. Бағалау батырмасын басу арқылы, Сізде оқушыны бағалауға арналған терезе пайда болады. Лайықты ұпайларды қойып, «Сақтау» түймесін басыңыз:

11. Жіберілген, бағаланған тапсырмаларды «Тапсырмаларды тағайындау» модулінен көре аласыз:

### **Жеке кабинет**

12. Профиль:

1. Фотосуретті профильге жүктеуге болады:

Пайдаланушы деректерін өзгерту:

3. Құпиясөзді өзгерту:

4. Ашық және қараңғы тақырыпты таңдаңыз:

5. Барлық өзгерістерден кейін «Сақтау» түймесін басуды ұмытпаңыз:

6. Әрбір оқулықтың көптеген интерактивті тапсырмалар мен мультимедиялық материалдарды қамтитынына назар аударыңыз. Сондықтан олармен тек онлайн режимде жұмыс жасауға болады.

7. Электрондық оқулықты көшіріп алу мүмкін емес.

8. Әрбір сабақта өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар қамтылған. Оқушыға жолды қажетті деректермен толтыру ұсынылады, жүйе жауаптың дұрыстығын автоматты түрде тексере алады.